


Әлихан әлемі



Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков пен Жақып Ақбаевтың туған жері Қарағанды облысының бұрынғы Қоңырат, қазіргі Ақтоғай ауданы. Осы ауданды «контрреволюция ордасы» деп атап, оның халқын бертіңге дейін айрықша бақылауда ұстады. Осы аудан орталығында Әлиханмен аталас Кейкі төренің қабірінің көрнеуіне ештеңеден сескенбей тегістеп, тақтай еден төсеп, төрт құлақты саман кірпіштен қаланған мазарының төбесін шатырлап,



НКВД аудандық бөлімінің кеңсесіне айналдырғанын, оның өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін тұрғанын көзіміз көрді.

Сондай-ақ, еліміз тәуелсіздік алардан сәл бұрынғырақ Әлиханның атақорымы Талдыбейіттегі және Тоқырауын өзенінің бойындағы Дайыр төренің мазарындағы кезінде Смахан Бөкейханов орнатқан көктастардағы жазуларды өшіру мақсатымен Қарағандыдан арнайы келген жансыздың, ондағы ЖОО-ның бірінің профессорының есімдері жұрт жадында. «Құдайсыздар қоғамын» құрған Кеңес өкіметінің жандайшаптарының жантүршігерлік әрекеттерінің салдары жалғыз бұл емес. Бүгіндері елімізде 87 қала, 160-тан астам селолық аудан, мыңдаған ұсақ елді мекен бар. Солардың ішінде жалғыз Ақтоғай ауданында мәйітті таң атпай жерлеу рәсімі қалыптасқан. Оны басында жергілікті молдаларға «хадисте мәйітті күн шықпай жерлеу керек» дегенді айтқызған да, кейінірек жұрт жұмыстан қалмасын дегенге жатқызған да сол заманның «шолақ белсенділері».

Осындайда Ә.Бөкейхановтың жазбаларындағы: «Құдайдан кейінгі күшті нәрсе – ғылым, ғылымнан кейінгі күшті нәрсе – дәстүр», деген тұжырымы ерікпен тыс еске түседі. Жалпы, аруақтармен арпалысқандардың оңғанын ешкім көрген емес...

Әлихан мен оның туған інісі Смахан бастапқыда Нұрмұхаммедов болып жазылып, кейінде Әлиханның өз өтініші бойынша Бөкейханов болып өзгертілгені жөнінде көп айтыла бермейді. Оның түп төркіні жайында қысқаша баяндасақ, әйгілі Жошы ханның Көкжал Барақтан тарайтын ұрпағы Бөкейхан 1815 жылы Орта жүз ханы болып жарияланады. Міне, осы әйгілі бабасының есімін алу Әлиханның өзінің түпкі тегін тірілтпек ойынан туса керек.

Бөкейдің тоғыз ұлының бірі Батырдан туған төрт ұл – Әшімтай, Рүстем, Бексұлтан, Мырзатай. Рүстем мен Мырзатай Арқаның Тоқырауын бойындағы қаракесек Сарым еліне 1858 жылы орнығады. Мырзатайдың

төрт ұлы – Нұрмұхаммед, Қоске, Мәтіхан (Шолақ) мен Әбдіхановтың өмір сүрген кезеңі Кеңес өкіметінің тұсына келді де, тағдырлары да сол қасаң билікке тәуелді болды. Әбдіхановтың ұлы Қасымхан 1928 жылы бастапқыда өлім жазасына кесіліп, ажалдан кездейсоқ аман қалып, 1946 жылы Алматыда қайтыс болған. Мәтіхановтың ұлы Мәнерхан 1933 жылы Сібірге айдалып, сол бетте хабарсыз кеткен. Мәтіхановтың және бір ұлы Қожайхан да басында жер аударылып, сол жерден соғысқа аттанып, майданда қаза болған. Нұрмұхаммедтің кенже ұлы Базылхан бай ретінде Сібірге айдалып, 48 жасында Новокузнецкіде қайтыс болған.

Әлиханның туған інісі Смахан да отбасы мен ұрпағының тағдырына алаңдап, ұзақ жылдар бойы Алматы облысында бой тасалап жүріп, Сталин өлгеннен кейін ғана Балқаш қаласына оралған. Әзіхановтың ұлы Райымжан ақсақалмен 1992 жылы жүздесудің сәті түсті.

Райға бастауыш білімді Қарқаралыда Ақайдың Хасенінен алып, Семейдегі Г.Потанин атындағы екінші дәрежелі мектепте оқығаннан кейін Әлімхан Ермековтің қарындасы Дәмеш Ермекованың күйеуі, кезінде Ташкенттегі пединституттың ректоры болып жүрген



Темірбек Жүргеновтің кеңесімен сондағы Орта Азия мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түседі. Бірақ Райымжан Бөкейхановтың алашордашы, «халық жауы» Әлихан Бөкейхановтың немере інісі екендігін жазған «домалақ» арыздардың салдарынан ол оқудан шығарылады. Сол университеттің ұлты армян, студенттер ісі жөніндегі прокуроры: «Қазақтарға қайран қаламын. Бұхар өмірінің ұлы Мәскеуде оқиды, ал сенің фамилияң үшін ғана өз отандастарың түбіне жетті», деген екен.

Сондай-ақ, Райымжан қарияның өз аузынан: «Бұл фамилиядан мен өмір бойы запа шектім, жасы үлкен жанашыр жандардың өзгерті дегеніне көнбедім, енді санаулы күндерімді осы фамилияны мақтан тұтып өткеремін. Ең бастысы, Әбекеннің біржола ақталғанын, халқына біржола оралғанын көзім көрді. Аруағы риза. Ақтоғайда ұлан-асыр той өткізейін деп жатыр екенсіңдер. Мені кәрілік пен ауру дендеп тұр. Жете алмастын. Шақырғандарына мың да бір рахмет. Бірақ мен бақыттымын. Балаларым өз фамилияларынан сескенбей, мақтан тұтып жүретін болды. Тойға солар қатысса, мен разымын», деген шаттанған сөздерін естіп, жазып алып, кезінде мақала да жариялаған болатынбыз.

Ақтоғайда өткен сол шаралардың ең маңыздысы – жана заманда өткізілген ғылыми-практикалық конференцияға тәуелсіз Қазақстанның бетке ұстар ғалымдарының қатысқаны болды. Олардың арасында Жайық Бектұров, Гүлнар Дулатова, Кеңес Нұрпейісов, Тұрсынбек Кәкішев, Мағауия Ермеков, Әнеш Дайырова, осы күнге дейін қаламдары қолдарынан түспей, Алаш тарихына ұңғылай бойлап, зерделей зерттеп, жаһанға жария етіп жүрген ғалымдар Қабылсаят Әбішев, Нұрлан Дулатбеков, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Мәуен Хамзин, Жантас Қожахметов, Азат Бабашев және басқалардың есімдері мен еңбектерін атау ләзім.

Сол 1992 жылдың жазында Әлихан

Әкітайдан (Сергейден) туған немересі, мәскеулік Евгений мен оның ұлы Петрдің табандары тұңғыш рет ата-баба жеріне – Орталық Қазақстанның Сарыарқа топырағына тиген аса бақытты сәт болғандығын айтпай кетуге болмас. Олар Райымжанның ұл-қыздары Сырым мен Нұрым Бөкейхановтар, Смахан қыздары Сәуле, Айсәуле шалқар мерейтой кезінде елмен бірге, Әлихан бір келгенінде Бразилия қарағашын отырғызып, күні бүгінге дейін жайқалып өсіп тұрған дараққа байланысты Талдыбейіт атанып кеткен атақорымыға барып, онда мәңгілік сая тапқан бабаларына тау етіп қайтты. Ақтоғайда өткен шаралардан кейін Әкітайұлы Евгений мен Райымжанұлы Сырыммен бірге Ұлытауға, Алаша хан, Жошы хан зираттарына бару сәті түсті.

Олардың Қазақстанға келген сол сапарындағы естен кетпес кездесулері, оның ішінде Батыр ұрпағы, қарт ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Әлихан ұрпағын сарыла күтуден жүрек талмасы ұстап, емханаға түскен Қасенхан Алтынбековпен (әйгілі реставратор Қырым Алтынбековтің әкесі) сәлемдесуі ұмытылмас әсер қалдырғаны сонша, Евгений Бөкейханов топтама өлеңдер жазып, Мәскеуге оралған соң «Потрогать этот странный мир» жинағын шығарды. Ал, Сырым Бөкейханов Бөкей ұрпағының арғы-бергі тарихын, оның ішінде ұлы бабасы Әлихановтың өмірі, қызметі, өзі көзін көріп, тәрбиесін алған Әлиханқызы Елизавета, оның жары Сәдуақасұлы Смағұл, Сергейұлы Евгений, тағы басқалардың азапты да айшықты тағдырлары жайында архив деректеріне, естеліктерге негізделген «Нельзя о прошлом позабыть» атты кітап жазып, қазақ тіліне аудартып, өңдеп, толықтырған үш басылымының шыққанын көріп үлгерді. Осы тұста Евгенийдің «Жошы хан зиратында» атты өлеңіндегі ішкі толғаныстарын оқырманның қоса сезіне түсуі мақсатында қазақ тіліндегі аудармасынан үзінді келтіруді жөн көрдік:

ЖОШЫ ХАН ЗИРАТЫНДА
Шетсіз-шексіз ұлы дала аймалап,
Бір сағатта жеті ғасыр өтіпті,
Кісінеу мен кику кернеп айнала,
Тұрғандаймыз ат дүбірін естіп біз.

Күн шығып тұр отты шардай балқыған,
Өткелдерде қиыршық тас шықырлап,
Талтүстегі аңызбақтан қалқыған
Дем жетпеген сайын сағым тыпырлап.

Мазар іші, моладағы такталар
Салқынымен сабырлы ойға жетелеп,
Еске алғанда уақыт бір сәт тоқталар,
Ұмытылған уақиғалар төтелеп.

Өзгерді адам және де бар тіршілік,
Жер қойнында мүрден сенің, хан ием,
Мен де сенің сұңқар қияқ бүршігің,
Мәңгі бөйге жолға салған жан ием.

Арамызда жылдар, жандар, дәуірлер,
Уақыт селі – неткен дүлей күпті егес!
Жер-ананың өлшемі ірі, тәуір дер,
Мәңгі шексіз ұғым үшін түк те емес.

Бойды баурап күйкі тірлік қас-қағым,
Нәзік өмір көрген мамық түсімдей,
Мәңгілікпен бүркелгенде бастағы үн,
Сен де өтерсің фәни тұсты түсіңбей.

Дала болса маң қалпында баяғы,
Көзім көрген сурет алдан тосып тұр,
Көне мазар, қурап жусан саяғы,
Бас сүйекті көктеп жусан өсіп тұр.

Қайтар жолы бұйырғандар бақытты,
Көзден ғайып болды күмбез алыстап,
Көктей сүзіп кері қарай уақытты,
Келеміз біз жер бетімен қарыштап.

Әлихан Бөкейхановтың: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», деген тұжырымы оның өмірлік ұстаным-сертіндей болды және одан қайғылы азапты қазаға ұшыраған соңғы деміне дейін бір сәтке де айныған емес. Оның барлық саналы жұмырындағы әрбір ой-толғамын, әрбір іс-қимылын, ұйымдастыру қабілетін қазақ халқына, Алаш жұртының келешегіне жұмылдырып келген тарих дәлелдеді. Оның: «Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Түрік баласы (Әлихан)» деген сөздері қазіргі замандастарымызды да терең ойға жетелейтін тағылымды сауалдар екеніне ешкім күмән келтіре қоймас.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның

ширек ғасырға жуық тарихы Ә.Бөкейхан идеяларының өміршеңдігіне көз жеткізді. Қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясы, Ұлттық кеңес – Алашорда үкіметі жер тұтастығы сақтаулы, мемлекеттік шекарасы бекітілген, демократиялық құндылықтарға сүйенген, мемлекеттік құрылымы халықтың тұрмысы мен тіршілігіне лайықталған агроөнеркәсіптік әлемдік деңгейдегі мемлекет құруды мақсат етті. Бірақ, бұл әдемі мұраттың орындалмауына аумалы-төкпелі заманның, ең алдымен, сталиншіл әкімшіл-әміршіл жүйенің зардабы тигені, алаштың асқақ болашағын армандағаны, елінің тәуелсіздігін аңсағаны, оған жету жолында нақты іс-қимылдарға барғаны үшін саяси қуғынға ұшырағаны, азапты ажалды қасқайып қарсы алғаны тарихқа мәлім.

Ал, осы ұлт-азаттық күрестің аса бір күрделі кезеңі мен оның теориялық және практикалық негізі мен маңызы, сол үдерістерге ұйытқы болған толағай тұлғалар жайында ізденістер жасап, ғылыми тұжырымдар жасауға ынта барған сайын арта түсуде.

Әлбетте, өз заманының ең күрмеуі қиын, күрделі сұрақтарына жауап іздеген кәрдән білімді Әлихановтың жазба мұрасы атан түйеге жүк боларлық асыл дүние екені күн өткен сайын өзектілігін дәлелдей түсуде. Оның қоғамдық дамудың заңдылықтары мен Қазақстанның ерекшеліктеріне жасаған талдауларының тереңдігіне, логикалық байланысты барлық кәсіпорындарды мемлекеттік деп жариялап, жеке меншік дегенді түбірімен жою керек дейді. Ал, Ә.Бөкейхан «Алаш» партиясының бағдарламасында экономиканы дамытатын негізгі күш жеке меншік екендігін ескеріп, оны жоюға түбегейлі қарсы болды. В.Ленин мемлекеттік құрылым жөнінде орталықтандырылған, тек жұмысшы табының үстемдігі басым, коммунистік партия басқаратын мемлекет болу керек делі, оны күшпен құрды да. Бұл жобаның аяғы тоталитаризмге ұласты. «Алаш» партиясы болса «Ресей демократиялық, федеративтік республика болуы тиіс. Онда әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі ұстайды» деген көзқарасты ұстанады. КСРО-ны компартиялық номенклатура басқарды. Бір партиялық жүйе жеке басқа табынуға, толассыз репрессияға ұласты, демократиялық үдерістер табынасты болып, аяусыз жаншылды. Ал Ә.Бөкейхан құрған «Алаш» партиясының пікірінше үкімет басында құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның қалауынша кесімді қылға сайланатын президент болу керек. Президент халықты министрлер арқылы басқарады. Ол министрлер құрылтай жиналысы алдында жауапты болуға тиіс. Депутат тегіс (жаппай деген мағынада, – Қ.С.), тең, төте, ыам құпия сайлаумен сайланады. Сайлау хұқында хан, дін, ер-әйел тең дәрежелі болу керек.

Мұқият зер салсаңыз Ә.Бөкейхан мұрасында бүгінге дейін құндылығын бір мысқал да жоймаған қағидалар жетіп-артылады. «Оқу ордаларының есігі кімге болса да ашық, ыам ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу» деген қағидалары осы күнге арналғандай естіледі. Мағынасы аса салмақты, тарихи міндеті ауыр да маңызды жер мәселесі жөнінде айтқандары да айна-қатесіз келді. Сондай-ақ, жер бетіндегі және оның қойнауындағы байлығы мемлекеттікі болуы тиіс, жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін, одан артылған жер земство қолында болсын, оларды әділдік жолмен пайдалану керек деген ойлары айқындығымен ерекшеленеді және олардың қисындылығын, өміршеңдігін уақыт дәлелдеді.

Осы тұста Ә.Бөкейхановтың ұлы мұраттарды іске асыруда маңайына алаштың мандайалды, кілең ұлтжанды, білімді, әр салада аса білікті, арлы да намысты азаматтарын топтастырғаны сүйіндіреді.

Қайырбек Сәдуақасов,
Астана.
«Егемен Қазақстан» газетінен
№55 24 наурыз 2016 жыл
(Жалғасы бар).